

**"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қазандағы N 1090 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ "Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** "Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 446-құжат; 1999 ж., N 21, 763-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 .                      1 - б а п т а :

1) мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) депозиттік шот - уақытша қорғау баждарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ақша енгізілетін кеден органының шоты;"

2) 8) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8) отандық өнеркәсіп (өндірушілер) - Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды өндірушілердің не ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды ұжымдық өндіруі Қазақстан Республикасының аумағында осы тауарлардың жалпы өндірісінің көп бөлігін құрайтын өндірушілердің ж и ы н т ы ғ ы ; "

"12) елеулі залал келтіру қаупі - елеулі залалдың анық болмай қоймайтындығы;"

3) 11) тармақша "едәуір" деген сөздің алдынан "жалпы" деген сөзбен толықтырылсын.

2. 7-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде "елу проценттен астамы" деген сөздер "көп бөлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 10-баптың 1-тармағы "және барлық мүдделі тұлғаларды істі қарауға тарту мақсатында хабарламаны мемлекеттік және басқа тілдерде бұқаралық ақпарат құралдарына таратады".

4. 13-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:  
"Уәкілетті орган мүдделі тұлға жария етуді және жалпы түрде ашуды қаламайтын ақпаратты, егер осы ақпарат ресми көздерден алынбаған жағдайда ғана назарға алмауы мүмкін."

5. 15-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:  
"Мүдделі тұлғалар басқа тарапты істің материалдарымен және болжамдарымен таныстыру мақсатында импорттаушыларға, экспорттаушылар мен басқа да мүдделі тұлғаларға басқа адамдардың өтініштеріне жауап беру және қорғау шараларын қолдану Қазақстан Республикасының отандық тауар өндірушілерін және экономикалық қауіпсіздігін қорғауда қызмет ететіндігі туралы мәселе бойынша өз пікірлерін айту мүмкіндігін қоса алғанда, айғақтар мен болжамдарды ұсынуға мүмкіндік беретін тыңдаулардың өткізілгендігі туралы уәкілетті органға ұсыным хат беруге құқылы."

#### 6 . 1 7 - б а п т а :

1) мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Уақытша қорғау баждарын төлеуге арналған ақша сомаларын импорттаушылар Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы кеден органының депозиттік шотына енгізеді және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті органның қорғау баждарын қолдану туралы қорытындысының негізінде түпкілікті шешім қабылдағанға дейін мемлекеттік бюджеттің кірісіне аударылуға жатпайды.";

2) 4-тармақта ", уақытша шаралардың күші жойылуға тиіс және импорттаушының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен төленген сомаларды қайтарып алуға құқығы бар" деген сөздер "немесе қорғау баждарының уақытша қорғау шараларының ставкасынан неғұрлым төмен ставкасын енгізу орынды деп танылса, артық төленген сома кеден төлемдерін қайтару үшін Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген тәртіппен импорттаушыға қайтаруға жатады".

#### 7 . 2 2 - б а п т а :

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қорғау шаралары ісі қаралған тауарға қатысты тауар жеткізудің елеулі залалын болдырмау немесе жою үшін қажетті мөлшерде ғана қолданылады.";

2) 2-тармақта "қорғау шараларының қолданылу ұзақтығы бір жылдан асқан жағдайда" деген сөздер "қорғау шараларының күтілетін қолданылу мерзімі бір жылдан асқанда, қолданылу кезеңі ішіндегі тең аралық арқылы" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. 23-баптың 2-тармағының үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Импорттық квота тауар беруші елдер арасында бөлінетін жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі консультациялар жүргізу жолымен Қазақстан Республикасының аумағында осы тауарды жеткізуге мүдделілігі бар тауар беруші елдермен импорт квотасының үлесін бөлу туралы уағдаласа алады.

Мұндай уағдаластыққа қол жеткізу мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі импорттық квотаны тауар импортының жалпы саны немесе құны негізінде бұл елдердің алдыңғы кезеңдегі жеткізілімдерінде қалыптасқан үйлесімде тауар беруші елдер арасында бөледі. Бұл ретте осы тауарларды жеткізуге ықпал ете алған немесе ете алатын кез келген факторлар ескеріледі."

9. 25-баптың 2-тармағында "алты ай" деген сөздер "180 күн" деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Заң ол ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*